

2024-2025 оқу жылына докторантураның білім беру бағдарламаларын жаңарту туралы ақпарат

8D06110 Информатика білім беру бағдарламасын жаңартуға негіз:
2024-2025 оқу жылына келесі өзгерістер енгізілді:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін педагогтардың кәсіби стандарттарына енгізілген өзгерістерге сәйкес «Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінің мазмұнына түзетулер енгізілді. Жеті пәннің біріне өзгерістер енгізілді, бұл жалпы санның 14,3%-ын құрайды. Сонымен қатар, оқу нәтижелері жаңартылды: алты нәтижеден бір нәтиже өзгерді, бұл 16,67%-ды құрайды.

8D04105 Экономика білім беру бағдарламасын жаңартуға негіз:
2024-2025 оқу жылына келесі өзгерістер енгізілді:

Педагогтардың (профессорлық-оқытушылық құрамның) кәсіби стандартын жаңартуға сәйкес «Ғылыми зерттеу әдістері» және «Экономикалық пәндерді оқыту әдістері және ұйымдастыру» пәндерінің мазмұнына өзгерістер енгізілді, бұл ON 5 және ON 6 оқу нәтижелеріне әсер етті. Осылайша, екі пәнге өзгерістер енгізілді (бұл жалпы пәндердің 28,6%-ын құрайды), сонымен қатар оқу нәтижелері жаңартылды, бұл 20%-ды құрайды.

8D04208 Қазақстандық құқықтың дамуының заманауи үрдістері білім беру бағдарламасын жаңартуға негіз:

2024-2025 оқу жылына келесі өзгерістер енгізілді:

Педагогтардың (профессорлық-оқытушылық құрамның) кәсіби стандарттарына енгізілген өзгерістерге сәйкес «Құқықтағы адалдық» пәні «Құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі» пәнімен алмастырылды. Жеті пәннің біріне өзгерістер енгізілді, бұл жалпы санның 14,3%-ын құрайды. Бұл өзгерістер оқу нәтижелеріне де әсер етті: олардың саны оннан сегізге қысқарды, сонымен қатар екі оқу нәтижесіне түзетулер енгізілді, бұл 40%-ды құрайды.

8D01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасын жаңартуға негіз:

2024-2025 оқу жылына келесі өзгерістер енгізілді:

Педагогтардың (профессорлық-оқытушылық құрамның) кәсіби стандарттарына сәйкес «Кәсіби педагогикалық қызметке психологиялық дайындық» пәнінің мазмұнына түзетулер енгізілді. Жеті пәннің біріне өзгерістер енгізілді, бұл жалпы санның 14,3%-ын құрайды. Бұл өзгерістер оқу нәтижелеріне де әсер етті: жеті нәтижеден бір нәтиже өзгерді, бұл 14,3%-ды құрайды.

8D01602 Тарих білім беру бағдарламасын жаңартуға негіз:

2024-2025 оқу жылына келесі өзгерістер енгізілді:

Педагогтардың (профессорлық-оқытушылық құрамның) кәсіби стандарттарына сәйкес 8D01602 «Тарих» білім беру бағдарламасына түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, «Педагогтың мәртебесі: тарихи-құқықтық аспект» пәні «Алаш тарихы: тенденциялары мен зерттеу бағыттары» пәнімен алмастырылды. Жеті пәннің біріне өзгерістер енгізілді, бұл жалпы санның 14,29%-ын құрайды. Сонымен қатар, ON1 және ON5 оқу нәтижелері жаңартылды: жеті оқу нәтижесінен екі нәтиже өзгерді, бұл 28,57%-ды құрайды.

8D02303 Филология білім беру бағдарламасын жаңартуға негіз:

2024-2025 оқу жылына келесі өзгерістер енгізілді:

Педагогтардың (профессорлық-оқытушылық құрамның) кәсіби стандарттарына сәйкес 8D02303 «Филология» білім беру бағдарламасына түзетулер енгізілді: «Салыстырмалы тіл білімі және аударма: олардың өзара байланысы» пәні «ЖОО-да әдебиетті оқытудағы жаңа технологиялар: теориясы және әдістемесі» пәнімен алмастырылды. Бұл алмастыру жалпы пәндердің 14,29%-ын құрайды. Сонымен қатар, білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелері (ON3, ON4) жаңартылды: сегіз күтілетін нәтижеден екі нәтиже өзгерді, бұл 25%-ды құрайды.
